

Тарбағатай ауданының Көкжыра ауылдық округінің "Базарка" елді мекенінде шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 3 ақпандағы № 32 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 6 наурызда № 4896 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 25 шілдедегі № 287 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 25.07.2017 № 287 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-бабы 2-тармағының 9) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағының 18) тармақшасына сәйкес және Тарбағатай ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2017 жылғы 13 қаңтардағы № 13 ұсынысы негізінде Тарбағатай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Тарбағатай ауданының Көкжыра ауылдық округінің "Базарка" елді мекенінде ірі қара малдарының арасында бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Қ. Мауадиновқа жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Д. Оразбаев